

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцар Федеральдық Кеңесінің арасында
Жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалдары туралы келісімді жасасу
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 17 қаңтар N 44

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцар Федеральдық Кеңесінің арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалдары туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцар Федеральдық кеңесінің
арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалдары туралы
келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцар Федеральдық Кеңесі, Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің арасындағы жолаушылар мен жүктердің автомобиль тасымалдарына, сондай-ақ олардың аумақтары арқылы транзиттік қатынасқа жәрдемдесуге тілек білдіре отырып, төмендегі туралы келісті:

1-бап

Жалпы ережелер

1. Осы Келісімнің ережелері бағыттың жөнелту немесе жеткізу пункті Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында болатын, ал тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарына қолданылады.

2. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың, олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

2-бап

Пайдаланылатын терминдер

1. Тасымалдаушы - Қазақстан Республикасында немесе Швейцарияда тіркелген, тиісті елдердің заңнамасына сәйкес жолаушылар мен жүктердің тасымалын жүзеге асыру құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға.

2. Көлік құралы - механикалық жетекті автокөлік құралын, сондай-ақ тіркемесі немесе жартылай тіркемесі бар:

а) жүргізушіні қосқанда тоғыздан астам отыратын орын мөлшерінде жолаушыларды;

б) жүктерді тасымалдау үшін құралған автокөлік құралы.

3. Рұқсат - екі Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің заңнамасы талап ететін, бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органы берген және екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінде тіркелген автокөлік құралына рұқсат берген Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы бойынша немесе арқылы жүруге құқық/мүмкіндік беретін құжат.

3-бап

Жолаушы тасымалдары

1. Жолаушылардың тұрақты емес көліктік тасымалдары төмендегідей шарттар болған кезде рұқсат алу қажеттігінен босатылады:

а) бір ғана тұлғаларды, бір ғана автокөлік құралымен барлық жүрген жол бойы, олардың бірінде автокөлік құралы тіркелген Уағдаласушы Тараптар мемлекеттері аумағының шегінде орналасқан жөнелту пунктінен жеткізу пунктіне жолаушыларды барлық бағыт бойы және көрсетілген елдердің шегінен тыс аялдамаларда отырғызбай немесе түсірмей жүргізілетін тасымал (жабық есік сипатындағы сапар);

б) аумағында автокөлік құралы тіркелген елден адамдардың топтарын көлік құралының Уағдаласушы Тарап мемлекетінен борттың жолаушыларсыз кейін қайтуын көздегенде екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетіне тасымалдау;

с) бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағындағы пункттен автокөлік құралы тіркелген екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің пунктіне адамдардың топтарын "кері" сапарды көздеп тасымалдау алдындағы жолаушыларсыз сапар мынадай шарт бойынша:

- жолаушылар бортқа қабылданған елге келгенге дейін жасалған тасымалдау шартымен біріктірілгенде;

- осы баптың "b" тармағының шарттарына сәйкес бір ғана тасымалдаушы бортқа қабылданған елге алдын ала жеткізгенде және осы елдің аумағынан тыс тасымалданғанда;

- екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына шақырылғанда

және көліктік шығындары шақырған тараптың есебінен жабылады. Жолаушылар тек сапар мақсатына ғана қарай емес, бірыңғай топ құруы тиіс.

d) екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы арқылы транзиттік тасымалдар.

2. Жолаушы тасымалдары:

- екінші Уағдаласушы Тарап мемлекеті бойынша немесе аумағы арқылы немесе тікелей транзитті маятниктік тасымалдар кезінде;

- маятниктік тасымалдарға байланысты автокөлік құралдарымен жүксіз тасымалдар рұқсат алу қажеттігінен босатылады.

3. Осы Баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген тасымалдар бақылау жолдама құжаты болған кезде жүргізіледі.

4. Осы Баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілгеннен басқа көлік түрлері үшін Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы мен нұсқауларына сәйкес рұқсаттың болуы міндетті. Рұқсаттар өзара алмасу негізінде беріледі.

4-бап

Жүк тасымалдары

1. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушысы бос немесе тиелген көлік құралының екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына мынадай көліктік қызметтерді орындау тәртібімен:

a) бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағындағы кез келген пункт пен екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағындағы кез келген пункттің арасындағы;

b) тасымалдау екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағынан басталады және үшінші елге бағытталады немесе үшінші елден екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына бағытталғанда;

c) екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы арқылы транзит кезінде уақытша кіруге рұқсат алуға міндетті.

2. Осы Келісімнің Хаттамасында осы Келісімнің 9-бабына сәйкес рұқсат беру режиміне ерекшеліктер келтіріледі.

3. Жүксіз немесе жүкпен келе жатқан көлік құралының көлемдері мен салмағы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында белгіленгеннен артық болғанда, тасымалдаушы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органдарының арнайы рұқсатын алуы тиіс.

5-бап

Ұлттық заңнаманы қолдану

Осы Келісімде реттелмеген барлық жағдайда бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы бойынша жүрген тасымалдаушылары

мен жүргізушілері соңғысының заңнамасын басшылыққа алуға міндетті, ал тасымалдаушыларға қатысты ешқандай кемсітушілік білдіру болмауы тиіс.

6-бап

Ішкі тасымалдарға тыйым салу (каботаждық тасымалдар)

Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушысына екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушылар мен жүктердің тасымалдарын жүзеге асыруға тыйым салынады.

Жолаушылар мен тауарлардың ішкі тасымалдарына тыйым салынады. Келісімнің 10-бабында аталған Бірлескен Комиссия осы ережеге ерекшелік енгізе алады.

7-бап

Бұзушылықтар

1. Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін тасымалдаушылардың сақтауын бақылауы тиіс.

2. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында жүрген тасымалдаушылары мен жүргізушілері осы Келісімнің ережелерін бұзған жағдайда, көлік құралы тіркелген Уағдаласушы Тараптың өкіметі, аумағында құқық бұзушылық жасалған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органдарының сұрауы бойынша төмендегідей шараларды қабылдайды:

а) е с к е р т у ;

б) бұзушылық орын алған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы бойынша тасымалдарды жүзеге асыруға арналған рұқсаттарды уақытша, жартылай немесе т о л ы ғ ы м е н т о қ т а т а т ұ р у .

3. Бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органын шараларды қабылдағаны туралы хабардар етуі т и і с .

4. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органы немесе соты тиісті аумақтағы тиісті құқық бұзушылықтар үшін көзделген ұлттық заңнамаға сәйкес кескен жазаға құлақ асуы тиіс.

8-бап

Құзыретті органдар

Уағдаласушы Тараптар бір-бірін осы Келісімді жүзеге асыру үшін жауапты органдар туралы хабардар етуі тиіс. Бұл органдар тікелей хабарласады.

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының ресми атауы немесе функциялары өзгерген жағдайда, Уағдаласушы Тараптар бұл туралы бір-бірін дипломатиялық арналар бойынша дереу хабардар етеді.

9-бап

Іске асыру және қолдану

Осы Келісімді іске асыру мен қолданудың тәсілдері Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке Хаттамада белгіленеді.

10-бап

Бірлескен Комиссия

1. Уағдаласушы Тараптар өз мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын, осы Келісімді іске асыру мен қолданудың барлық мәселелерін реттейтін Бірлескен Комиссия құрады. Бірлескен Комиссияның мәжілістері бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органының ұсынысы бойынша Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында кезекпен өткізіледі.

2. 9-бапта аталып өткен Бірлескен Комиссия Хаттаманы өзгертуге немесе жетілдіруге құқылы.

11-бап

Осы Келісім күшінің Лихтенштейн Князьдігіне таралуы

Лихтенштейн Князьдігінің ресми өтінішіне сәйкес аталған Келісімнің ережелері аталып отырған елге Швейцариямен Кедендік келісімнің күші жойылмағанға дейін таралады.

12-бап

Күшіне енуі және қолданыс мерзімі

1. Осы Келісім Тараптардың, оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тарапқа өзінің, оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарландыру жіберген күннен бастап 6 ай өткенге дейін күшінде қала береді.

3. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге, осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осыларды куәландыру ретінде өз Үкіметі тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қойғандар осы Келісімге қол қойды.

Берн қаласында 2002 жылғы "___" қаңтарда екі түпнұсқа данада қазақ, француз және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Швейцар Федеральдық
Кеңесі үшін*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцар Федеральдық Кеңесінің арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалдары туралы келісімге Хаттама

1. Жолаушы тасымалдары (3-бап)

3-баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес тасымалдар жолаушылардың жол парағы мен тізімі болған кезде орындалады.

3-баптың 1 және 2-тармақтарының шарттарына жауап бермейтіннен басқа (атап айтқанда тұрақты желілер) жолаушылар тасымалын қамтамасыз ететін рұқсатты алуға сұраныс, екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органына берілетін көлік құралы тіркелген елдің құзыретті органының қарауына берілуі тиіс.

Тасымалдаушылар өз сұранысында құзыретті орган сұраған қозғалыс кестесін, тарифтерді, бағыт сызбасын және басқа ақпаратты хабарлауы тиіс. Рұқсатты беру рәсімі және осымен байланысты басқа мәселелерді жалпы алғанда, өзара әрекет ету негізінде Уағдаласушы Тараптардың құзыретті о р г а н д а р ы р е т т е й д і .

Рұқсатты берген бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органы берілген құжаттың көшірмесін беру арқылы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті о р г а н ы н х а б а р д а р е т у і т и і с .

Рұқсат көлік құралында сақталады және бақылаушы органның сұрауы бойынша берілуі тиіс. Тұрақты тасымалдар үшін берілген рұқсатта көрсетілген көлік құралының нөмірі, осы бағыт бойынша тасымалдауды орындайтын көлік құралының нөміріне сәйкес келуі тиіс. Бос көлік құралының транзиті кезінде тасымалдаушы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында бос көлік құралымен өтіп бара жатқанын р а с т а у ы т и і с .

Көлік құралы зақымдалған немесе істен шыққан автобусты ауыстыру үшін жіберілген растау ұсынылған кезде, тиелмеген көлік құралы кіруге рұқсат алу қажеттігінен босатылады.

2. Жүк тасымалдары (4-бап)

Әр түрлі мемлекетке тиесілі элементтерден тұратын құрамдастырылған көлік құралы жүрген кезде, осы Келісімнің ережелері, егер механикалық жетекті автокөлік құралы Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттерінің бірінде тіркелген жағдайда ғана осы көлік құралына таралады.

Рұқсат алу қажеттігінен Келісімнің 4-бабының 2-тармағына сәйкес Тасымалдардың мынадай санаттары:

1) егер одан әрі тасымалдау тоқтатылса, әуежайларға/дан тауарлардың тұрақты емес тасымалы;

2) әуежайларға/дан автокөлік құралының кез келген түрімен теңдеме жүкті тасымалдау тәрізді, жолаушыларды тасымалдауға арналған автокөлік құралының тіркемесімен теңдеме жүкті тасымалдау;

3) почта тасымалдары;

4) зақымдалған көлік құралдарын тасымалдау;

5) жануарлардың тұтас етін мүшелеу үшін тасымалдау;

6) аралар мен майда балықтарды тасымалдау;

7) жерлеу үшін тасымалдау;

8) тауарларды өз есебінен тасымалдау;

9) теңіз кемелері үшін қосалқы бөлшектер мен дайын бұйымдарды тасымалдау;

10) полиция немесе басқа күзет қызметтері еріп жүретін арнайы көлік құралымен орындалатын бағалы тауарлардың (бағалы металдар мен асыл тастар) тасымалы;

11) шұғыл жағдайлар үшін, әсіресе табиғи апаттар мен қайырымдылық мұқтаждықтары жағдайына қажетті дәрі-дәрмекті немесе жабдықты тасымалдау;

12) рұқсат етілген салмағы тіркемелерді қоса алғанда 6 тоннадан аспайтын немесе тіркемелерді қоса алғанда рұқсат етілген пайдалы жүктемесі 3,5 тоннадан аспайтын механикалық көлік құралдарымен жүктерді тасымалдау;

13) істен шыққан көлік құралын ауыстыру үшін бағытталған тиелмеген жүк көлік құралының жүруі және зақымдалған көлік құралының жөндеуден кейін кері оралуы;

14) көрмелер, жәрмеңкелерге өткізу үшін немесе коммерциялық емес мақсаттар үшін өнер туындыларын тасымалдау;

15) тек қана жарнамаға және ақпаратқа арналған заттар мен материалдарды тасымалдау;

16) театр, музыка, киноматография, цирк немесе спорт іс-шараларына, жәрмеңкелерге немесе мейрамдарға, сондай-ақ радиохабарлар, киноматографиялық немесе телевизиялық фильмдер жазуға арналған мүлікті, құралдарды және жануарларды тасымалдау;

17) бос көлік құралдарының жүруі;

18) қызметкерлердің арнайы штаты бар және тасымалдауға арналған қажетті материалдармен жабдықталған компаниялар жүзеге асыратын тасымалдау босатылады.

3. Ұлттық заңнаманы қолдану (5-бап)

Уағдаласушы Тараптар Келісімнің 5-бабы бірыңғай көлік құралдарының салмақтары мен көлемдеріне, қызметкерлердің жұмысы мен демалысының (ұзақтығына, жүргізу уақытына және жол салығын салу туралы заңнамаға қатысты құрлықтағы жол көлігі және тасымалдар туралы заңнамаға сілтенетінін мойындайды.

4. Құзыретті органдар (8-бап)

Келісімді қолдану үшін жауапты құзыретті органдар:

Қазақстан Республикасы үшін:

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 473000,
Астана қ., Абай даңғылы, 49

Швейцария үшін:

Қоршаған орта, Көлік, Энергия және Коммуникациялар Федеральдық Департаменті
Көлік Федеральдық Офисі

CH-3003 Берн

5. Көлік құралының салмағы мен көлемдері

Әрбір Уағдаласушы Тарап, Уағдаласушы Тараптың басқа мемлекетінде тіркелген көлік құралы бұл мемлекетте тіркелген көлік құралдарына арналған шарттармен салыстырғанда әлдеқайда шектеулі шарттарға ұшырамайтын болатынын келісуі тиіс.

Осы рәсімдердің орындалуын:

Қазақстан Республикасы үшін:

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі -
рұқсаттарды беруге құзыретті орган;

Швейцария үшін:

Қоршаған орта, Көлік, Энергия және Коммуникациялар Федеральдық Департаменті белгілеген шекарада Швейцар Аймағына бағытталған көлік құралына арнайы рұқсатты беру құзыреті, қатысы бар кедендік офиске тиесілі.

Жеткізу пункті аталған аймақтан қашықтықта тұрған көлік құралына арнайы рұқсатты беру құзыреті, егер де жол жағдайы мүмкіндік берсе, бөлінбейтін тауарларды тасымалдауға ғана арнайы рұқсат беретін Көлік Федеральдық Офисіне тиесілі, CH-3003
Б е р н .

Өндіруші көрсеткен кепілді салмақ кез келген жағдайда артық болмауы тиіс.

6. Кедендік рәсімдер

Автокөлік құралының тиісті моделі үшін көзделген стандартты сыйымдылықтардағы уақытша әкелуге рұқсат етілген жанармай және жағармай материалдары шет мемлекеттен әкелінетін тауарлардан алынатын баждардан, сондай-ақ оларды әкелуге тыйым салыну мен шектеулерден босатылады.

Белгілі бір автокөлік құралын жөндеуге арналған, уақытша әкелініп қойған қосалқы

бөлшектер мен жабдық кедендік баждардан әкелуге тыйым салыну мен шектеулерсіз уақытша босатылған ретінде әкелінеді. Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер кері ә к е т і л у і т и і с , а л ауыстырылған қосалқы бөлшектер кері әкетілуі, не тиісті Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген тәртіппен пайдаланылуы тиіс.

Осыларды куәландыру ретінде өз Үкіметі тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қойғандар осы Келісімге қол қойды.

Берн қаласында 2002 жылғы " __ " қаңтарда екі түпнұсқа данада қазақ, француз және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Швейцар Федеральдық

Кеңесі үшін